

Қазақ аспаптар қоғамы мәдениет үйінің ұлттық аспаптар ансамблінің мерекелік концерті

Бүгін біздің кітапханада ұмытылмас іс-шара өтті! Республика күнінің мерекелеу аясында біз Алматы қаласынан келген Қазақ соқырлар қоғамы мәдениет үйінің ұлттық аспаптар ансамблінің мақтанышпен қарсы алдық.

Ансамбльдің көркемдік жетекшісі Мираc Қожахметовтың жетекшілігімен музыканттар сұлулық пен эмоцияға толы керемет әндерді орындап, күмбірлете күй шертті. Ұлттық аспаптардың дыбысы бізді қазақ музыкалық мәдениеті әлеміне жетелеп, жүрегіміздің тереңіне еніп те үлгерді.

Кітапхана қонақтары мен келушілері керемет шеберлікпен орындалған әуендерді тыңдап сусындады. Әрбір нота музыкаға деген сүйіспеншілікке толы болды, бұл бірде-бір тыңдаушыны бей-жай қалдыра алмады.

Бұл концерт біздің кітапхана үшін маңызды оқиға болды, өйткені біз кітаптарға қол жеткізуді ғана емес, сонымен қатар өнер мен мәдениеттің атмосферасын құруды мақсат етеміз. Біз музыка Адамдарды біріктіре алатын әмбебап тіл деп санаймыз және бүгін біз музыканың шекарадан өтіп, адамдар арасындағы көпірге айналғанын қордік.

Біз Қазақ соқырлар қоғамының мәдениет үйінің ұлттық аспаптар ансамбліне олардың таланты, музыкаға берілгендігі және бізге осындай керемет концерт тыңдау мүмкіндігі үшін зор алғысымызды білдіреміз. Бұл ұзақ уақыт бойы есте қалатын жарқын және ұмытылмас сәт болды.

Біз келушілерімізді ерекше мәдени іс-шаралармен қуантуды жалғастырамыз, осылайша әркім әдемі өнерден ләззат алып, көкжиегін кеңейте алады. Біздің жаналықтарымызды қадағаланыңдар!

